Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"КазТрансОйл" акционерлік қоғам, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Тапсырыс берушінің жұмыстарға қойылатын көлемі, мерзімі және техникалық талаптары Шартқа №1,2 қосымшаларда баяндалған.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.3.1. Шарттың 2.4, 2.9 және 2.10-тармақтарында көрсетілген.

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактураны;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем кезінде).

2.5. Орындалған жұмыстар актісі орындалған жұмыстар актісі нысанында ресімделеді (қағаз жеткізгіште, Р-1 нысаны).

2.6. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 240 бұйрығымен (бұдан әрі – бірыңғай әдістеме) бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес елішілік құндылық бойынша есеп нысанында ресімделеді. шарт бойынша есеп айырысу.

2.7. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Мердігердің дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.9. орындалған жұмыс көлемі үшін шарт сомасының 90%-на дейінгі шегінде аралық төлемдерді Тапсырыс беруші Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар актісіне қол қойғаннан және оны Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сәйкес мердігер жазып берген шот-фактурамен бірге алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ай сайын жүргізеді. Шот-фактураны мердігер "тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізуге арналған шарт (келісімшарт)" жолында шарт жасалған нөмірі мен күнін міндетті түрде көрсете отырып, теңгемен жазып береді. Орындалған жұмыстарға ақы төлеу үшін ресімделетін барлық басқа құжаттарда шарт жасасу нөмірі мен күнін көрсету қажет.

2.10. Түпкілікті есеп айырысу Мердігер Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, тапсырыс берушіде орындалған жұмыстардың сапасы мен мерзімдеріне шағымдар болмаған соң, Тапсырыс беруші мердігерден Шарттың 2.4-тармағында санамаланған тиісті түрде ресімделген құжаттарды, сондай-ақ орындалған жұмыстар мен жүргізілген төлемдер бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі және бірыңғай әдістемеге сәйкес орындалған жұмыс көлеміндегі елішілік құндылық жөніндегі есепті қамтиды.

2.11. Мердігер тарапынан Шарттың 2.4-тармағында көзделген тиісінше ресімделмеген құжаттар ұсынылмаған немесе ұсынылған жағдайда, Тапсырыс беруші мердігер жетіспейтін құжаттарды ұсынғанға дейін (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтарды жойғанға дейін) шарт бойынша төлемді жүзеге асырмауға құқылы. Мұндай жағдайда шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші мердігер жетіспейтін (тиісінше ресімделген) құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

2.12. Мердігер Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін шартсыз және қайтарып алынбайтын банк кепілдігі түрінде немесе Тапсырыс берушінің келесі банк шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна түрінде толық орындағанға дейін қолданылу мерзімі бар шарт сомасының 3% мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті: "Қазақстан Халық банкі" АҚ ЖСК KZ536010111000012185 SWIFT: HSBKKZKX Экономика секторының коды 16.

2.13. Егер Мердігер шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, ол шарт жасасудан жалтарған деп танылады, соның салдарынан оған жауапкершілік жүктеледі және Тапсырыс беруші Шарттың 8.4-тармағына сәйкес мердігерге қатысты іс-әрекеттер жасайды.

2.14. Егер мердігердің осы Шарт шеңберінде Тапсырыс берушінің алдында берешегі (есептелген тұрақсыздық айыбын қоса алғанда) болса, Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші мен мердігер арасында жасалған басқа шарттар бойынша Мердігерге тиесілі төлем сомасынан пайда болған берешек сомасын ұстап қалады.

2.15. Шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі.

2.16. Аралық және түпкілікті төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес Шарт талаптарымен белгіленеді.

2.17. Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлем жасамайды.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары, көлемі мен орны Шартқа №1 және №2 қосымшалармен және Шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тараптар келіскен жұмыстарды жүргізу кестесімен айқындалады. Жұмыс кестесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Шарттың №1, №2 қосымшасына сәйкес орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырысшының орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күні жұмыстарды орындау күні болып есептеледі.

3.3. Техникалық ерекшелік (№2 қосымша) № 1 қосымшада көрсетілген сатып алынатын жұмыстардың тізбесіне қатысты бөлігінде қолданылады. № 1 қосымшада көрсетілмеген техникалық ерекшеліктің лоттары Шартқа қолданылмайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі бойынша орындалған жұмыстарды тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

4.1.3. Жұмыстарды тиісті түрде және осы Шарттың талаптарына сәйкес мерзімдерде, сондай-ақ Шартта және оған қосымшаларда көзделген талаптарда толық көлемде орындау;

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға; Шарттың осы тармағы тендерлік құжаттамада тиісті талаптар болған жағдайда қолданылады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін 3.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары толық орындағанға дейін қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Осы міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары бұған жатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.13. Банк кепілдігі келесі ақпаратты қамтуы керек:

4.1.13.1. Банк кепілдігінің түрі (шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі/аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету кепілдігі).

4.1.13.2. Банктің атауы.

4.1.13.3. Банк кепілдігінің (кепілдік міндеттемесінің) нөмірі.

4.1.13.4. Мердігердің Атауы.

4.1.13.5. Шарттың нөмірі мен күні.

4.1.13.6. Шарттың Мәні.

4.1.13.7. Банк кепілдігінің сомасы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.13.8. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі.

4.1.14. Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен шарт шеңберінде орындалған жұмыстардың барлық көлеміне электрондық құжат нысанында (жүйеде ұсынылады) елден тыс құндылық үлесін есептеуді ұсыну.

4.1.15. Шарт талаптарына сәйкес жұмыстарда Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жою.

4.1.16. Жұмыстардағы елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылығы бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда мердігер тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.17. Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге жұмыстарды жүргізу кестесін келісуге ұсынсын.

4.1.18. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде мердігер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындауы мүмкін оқиғалар үшін, оның ішінде мердігер қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдардың алдында толық жауаптылықта болуға тиіс.

4.1.19. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мердігер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты аудит (ішкі бақылау) жүргізу.

4.1.20. Мердігердің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан шағымдарға, сот талаптарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеу.

4.1.21. мердігердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілік жағдайларына жол бермеу.

4.1.22. Тапсырыс берушінің талабы бойынша мердігер қызметкерлерінің және оның қосалқы мердігерлерінің азаматтығын және әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомаларын көрсете отырып, шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған саны мен лауазымдары туралы ақпарат беру.

4.1.23. Тапсырыс берушінің талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған мердігер қызметкерлерінің және оның қосалқы мердігерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша өзге де қосымша ақпарат пен құжаттарды ұсыну.

4.1.24. Орындалған жұмыстар актісіне екі тараптан қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні жүйеге орналастырсын және Тапсырыс берушіге жүйеде қалыптастырылған осы актіге ілеспе хат жолдасын. Мердігер осы талапты бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 8.6-тармағының 8.6.1-тармақшасында көзделген төлемді осы талап орындалғанға дейінгі кезеңге кешіктіргені және шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.1.25. Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, ақпарат беруге міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу үшін тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.26. Жұмыстарды орындау орнына қажетті материалдар мен мүлікті тасымалдауды және оларды өз қалауы бойынша және өз есебінен және тәуекелмен әкетуді жүзеге асыру.

4.1.27. Егер жұмыс орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жағдайда, сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан тауарларды сатып алу "Атамекен".

4.1.28. Тапсырыс берушінің талабы бойынша өз қызметкерлерінің дербес медициналық деректерін (денсаулық жағдайы, диспансерлік есеп және т.б. туралы мәліметтер) олардың жазбаша келісімі болған кезде Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда беруге.

4.1.29. Жұмыстарды қолда бар күштер мен құралдармен орындауға және олар аяқталғаннан кейін өз құрылыс машиналары мен механизмдерін жұмыс алаңынан шығаруға;

4.1.30. жеке Жұмыс түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерді (-лерді) тарту қажет болған жағдайда, оны (олардың тізбесін) Тапсырыс берушімен жазбаша түрде келісуге (қосалқы мердігердің (-лердің) орындайтын жұмыстарына арналған лицензияларының көшірмелерін ұсына отырып);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.31. Жұмыстарды бастағанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» А қосымшасына сәйкес Мердігердің Жұмыстарға жіберілуі үшін Тапсырыс берушіге ұсынылатын құжаттар тізбесін ресімдеуге және ұсынуға.

4.1.32. Шартты жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдар мен жабдықтарды қолдануға, оларды қабылдау, сақтау және пайдалану үшін жауапкершілік көтеруге;

4.1.33. Жұмыстарды орындау тәртібін мемлекеттік қадағалау органдарымен келісуге (қажет болған жағдайда) және оның жұмыс алаңында сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.34. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өз жұмыскерлерінің қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істеуге рұқсатын қамтамасыз етуге.

4.1.35. негізгі лауазымдарда білікті жұмыскерлерді пайдалану. Осы тұлғаларды басқаларға ауыстырған кезде Тапсырыс берушінің мұндай ауыстыруға келісімін алу. Жаңа жұмыскерлердің біліктілігі ауыстырылатын жұмыскерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.1.36. Жұмыстарды орындау басталғаннан аяқталғанға дейін, ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз есебінен персоналын, жабдықтарын, материалдары мен құрал-саймандарын, сондай-ақ өзге де мүлкін сақтандыруды қамтамасыз етуге;

4.1.37. Шартты орындау барысында және оны орындау салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігі мен өз жұмыскерлерінің денсаулығына залал келтірумен немесе зиян келтірумен, сондай-ақ өз жұмыскерлерінің қаза болуымен байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болуға;

4.1.38. Тапсырыс берушінің мүлкін зақымдаған жағдайда, мүлікті қалпына келтіруді өз есебінен жүзеге асыруға;

4.1.39. Өз мамандарының Тапсырыс берушінің объектілерінде болуына байланысты барлық шығыстарды (соның ішінде көлік шығындарын, тұру және тамақтану шығындарын) көтеруге;

4.1.40. Персоналды, қажетті материалдар мен мүлікті жұмыстарды орындау орнына тасымалдауды және оларды әкетуді өз есебінен және өз тәуекелімен жүзеге асыруға;

4.1.41. өз есебінен құрылыс және жұмыс алаңының күзетін қамтамасыз етуге;

4.1.42. Жұмыстарды орындау кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де тиісті құжаттарды ресімдей отырып, өз есебінен құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқысын жергілікті атқарушы органдармен келісілген арнайы бөлінген орындарға жинауды және әкетуді қамтамасыз етуге;

4.1.43. Тапсырыс берушіге ай сайын орындалған жұмыстар туралы нақты және толық ақпаратты ұсынуға, жұмыстардың жинақтау тізімдерегін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге;

4.1.44. материалдар мен жабдықтардың спецификацияларын келісу үшін Тапсырыс берушіге ұсынуға;

4.1.45. ауыстырылған бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді, тораптарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша оларды қабылдауға жауапты тұлғаға тапсыруға;

4.1.46. ауыстырылған бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді, тораптарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша оларды қабылдауға жауапты тұлғаға тапсыруға;

4.1.47. егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып сұраса, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің жұмыскері болып табылатын тұлғаны 72 сағат ішінде Объектіден алып тастауға, содан кейін бұл тұлғаның Шарт бойынша жұмыстарды орындауға ешқандай қатысы болмауы тиіс;

4.1.48. жұмыстарды жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына толық сәйкес, сондай-ақ СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» және Тапсырыс беруші ұсынған Жұмыстарды орындауға байланысты өзге де құжаттарға сәйкес жүргізуге.

4.1.49. Егер бұл жүргізілген сатып алу шарттарында көзделген болса, жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін Мердігер тендерлік өтінімде көрсетілген тізбе мен көлемде жұмыстар берілетін қосалқы мердігерді (-лерді) тартады. Бұл ретте Мердігер жұмыстар құнының (Шарттың жалпы сомасының) жиынтығында төрттен бірінен (1/4) астамын қосалқы мердігерлікке беруге құқылы емес. Мердігер қосалқы мердігердің (-лердің) біліктілігін және белгіленген талаптарға сәйкестігін растаған және Шартқа тиісті қосымша келісім жасалған жағдайда, Тапсырыс берушімен жазбаша келісу бойынша оларды ауыстыруға жол беріледі.

4.1.50. Мердігер материалдардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасы мен орындалған жұмыс көлемдері үшін толық жауапты болады және Нормалар талаптарына сәйкес келмейтін материалдар мен жабдықтарды ауыстыруға, ақауларды өз есебінен жоюға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.51. Мердігер Тапсырыс беруші ұсынған негізгі жұмыс көлемдеріне және жұмыстарды жүргізу кестесіне (Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын) сәйкес өз тәуекелімен, қолда бар күштермен, құрал-саймандармен, механизмдермен, сондай-ақ қажетті материалдар мен жабдықтармен жұмыстарды толығымен аяқтауға және жөндеу аяқталған Объектіні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тапсыруға міндеттенеді.

4.1.52. Тапсырыс берушінің жұмыс сапасына талаптары болған жағдайда, барлық кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.53. Тапсырыс берушінің өкілі жұмыстардың бүкіл кезеңінде кез келген уақытта жұмыс алаңының барлық учаскелеріне кез келген жұмыстарға еркін кіре алуы тиіс.

4.1.54. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ жұмыстарды аяқтау үшін қажетті кез келген жұмыс анықталса, Мердігер қолда бар күштермен және мүмкін болатын ең қысқа мерзімде Шарттың жалпы сомасын ұлғайтпай, өз қаражаты есебінен Шарт Қосымшаларында ескерілмеген қосымша жұмыстарды орындайды. Кез келген жағдайда, егер қосымша жұмыстар көлемі Шартта белгіленгеннен 10% аспаса, Мердігерде Тапсырыс берушіден қосымша жұмыстарды орындауға жұмсалған қаражатты өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

4.1.55. Тапсырыс берушінің объектісіне жіберу «ҚазТрансОйл» АҚ СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.1.56. Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің объектілеріне жіберу рұқсатын алу мақсатында Мердігер Тапсырыс берушіге мына құжаттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс: 1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №332 бұйрығымен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және білімін тексеру қағидаларының 24 және 25 тармақтарына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істеуге тартылатын жұмыскерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша білімін тексеру хаттамасының көшірмесі мен куәліктерінің көшірмелері; 2) емтихан комиссиясы отырысы хаттамасының көшірмесі, жұмысшы мамандықтар бойынша тартылатын мамандардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімін, қағидалар, нормалар мен нұсқаулықтарды білуін тексеру жөніндегі куәліктердің (белгіленген үлгідегі) көшірмелері, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1019 бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерінің 16, 17 және 33 тармақтарына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өткен басшы жұмыскерлер үшін сертификаттың көшірмесі; 3) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2014 жылғы 9 маусымдағы №276 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптардың 34 және 35 тармақтарына сәйкес өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша білімін тексеру жөніндегі біліктілік комиссиясы отырысы хаттамасының көшірмесі және біліктілік куәліктерінің көшірмелері; 4) «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес шарттың жасалған күні мен қолданылу мерзімін міндетті түрде көрсете отырып, жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы қолданыстағы шарттың көшірмесі.

4.1.57. Мердігер жұмыскерлерінің «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабының талаптарын орындауды көздейтін «ҚазТрансОйл» АҚ-тың қауіпті өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындауға тартылатынын ескере отырып, Мердігер тікелей жұмыстарды орындауды бастамас бұрын Тапсырыс берушінің жекеленген құрылымдық бөлімшелеріне СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартының талаптарына сәйкес құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындауға тартатын жұмыскерлерінің тізімін жазбаша түрде ұсынуға міндетті.

4.1.58. Қосалқы мердігер тартылған жағдайда, қосалқы орындаушыны тарту туралы шарттың көшірмесін немесе ниет шартын Әлеуетті өнім берушіде жабдықтың болуы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптар тармақтарында және осы талаптарда көрсетілген құжаттармен ұсынуға тиіс.

4.1.59. Жұмыстарды орындауға дайындығын растау мақсатында мердігер шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынуға тиіс: 1) жабдықтар мен құралдар меншікті, жалға алынған немесе заңды негізде тартылатын құралдардың тізімімен расталады. Тізбе операцияларды орындау және бақылау үшін қажетті жабдықтар мен калибрленген өлшеу құралдарын қамтуға тиіс. Оның ішінде: компрессор; құм бүріккіш аппарат; бояу аппараты. Техникалық паспорттардың электрондық көшірмесін ұсыну, ал жалға алынған жағдайда, техникалық паспорттардан басқа, жұмыстарды орындаудың бүкіл мерзімін қамтитын қолданыстағы жалдау шартының көшірмесін қоса беру; 2) жұмыскерлердің тізбесі және біліктілігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (диплом және/немесе куәлік және / немесе сертификат және / немесе куәлік); 3) композиттік жөндеу жүйесінің 4.2-тармақ талаптарына сәйкестігін, ал қорғаныш жабынының және оның композитпен үйлесімділігінің осы техникалық ерекшеліктің 4.1.4 және 4.10–4.14-тармақтары талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылады; 4) арматуралаушы материалдың, байланыстырғыштың, толтырғыштың, қосалқы материалдардың және қорғаныш жабынының нақты белгілеулері, өндірушілері және мақсаты көрсетілген сәйкестендіру тізімдерегі ұсынылады; 5) көтергіш композиттік қабаттың сипаттамалары ASTM D3039, ҚР СТ ISO 527-1-2014 және ҚР СТ ISO 527-2-2015 толық хаттамаларымен немесе ұсынылып отырған байланыстырғыш пен арматуралаушы матаның нақты комбинациясы және арматуралаудың екі бағыты үшін негізделген салыстырмалы әдіспен расталады; 6) полимерлік матрицаға, шынылану температурасына, термиялық кеңеюге, қаттылыққа және қатаю режимдеріне қойылатын талаптар толық сынақ хаттамаларымен және өндіруші зауыттың ресми

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

нұсқаулығымен расталады. ASTM D6604 хаттамасы мәліметтерді және бастапқы термограмманы қамтуға тиіс; 7) эпоксидтік байланыстырғыш бойынша компоненттердің ресми техникалық паспорттары, қауіпсіздік паспорты, дозалау, араластыру және қатаю жөніндегі нұсқаулық растайтын толық сынақ хаттамалары ұсынылады. Барлық құжаттар ұсынылып отырған жүйенің нақты байланыстырғышы мен арматуралаушы материалына қатысты болуға тиіс; 8) А және В типтегі ақаулар бойынша 3-разрядты біліктілік қолданыстағы біліктілік құжаттарымен және жөндеу тораптарының сынақтары туралы толық есептермен расталады. Ұзақ мерзімді адгезиялық төзімділік жеке хаттамалармен расталады; 9) жөндеу толтырғышы бойынша ресми техникалық паспорт, қауіпсіздік паспорты және толтырғышты ұсынылатын білікті жүйемен бірмәнді байланыстыратын ASTM D695 немесе негізделген салыстырмалы әдістің толық хаттамасы ұсынылады; 10) қорғаныш жабыны бойынша ресми техникалық паспорт, қауіпсіздік паспорты, жағу жөніндегі нұсқаулық және үйлесімділік туралы құжаттар ұсынылады; 11) қорғаныш жабынының сипаттамалары ресми техникалық паспортпен және сынақ шарттары мен нәтижелерін көрсете отырып, нақты ұсынылатын материалдың толық сынақ хаттамаларымен расталады; 12) композиттік жүйенің химиялық үйлесімділігі мен қорғаныш жабынының төзімділігі жұмыс ортасын, температураны, сынақ ұзақтығын және қолдану санатын айқындайтын құжаттармен расталады; 13) құжаттар толық көлемде ұсынылады; шетелдік құжаттар орыс тіліне және/немесе мемлекеттік тілге толық аудармасымен қоса ұсынылады; 14) осы талаптарға сәйкестіктің әрбір бап бойынша матрицасы ұсынылады. Әрбір талап бойынша жеке жолда тармақтың нөмірі, ұсынылатын мән немесе орындау тәсілі, компоненттің нақты белгіленуі, растаушы құжаттың атауы мен түрі, берген ұйым, құжаттың нөмірі, күні мен редакциясы, беттің, кестенің, графиктің немесе бөлімнің нөмірі, қолданылған әдіс және түпнұсқалықты тексеру деректемесі көрсетіледі. Бір құжат бірнеше талапты растай алады, бірақ нақты сілтеме әрбір тармақ бойынша жеке келтіріледі. Мәні мен орналасқан жері көрсетілмеген «сәйкес келеді» немесе «бар» деген тұжырымдамалар, қатысушының өзін-өзі декларациялауы және сыналған конфигурацияны айқындамай-ақ құжатқа тұтастай сілтеме жасау құжаттамалық растау ретінде қабылданбайды; 15) әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімнің бөлігі ретінде композиттік жөндеудің алдын ала инженерлік есебін және оның негізінде әзірленген жобалық шешімді «Жетібай» МАС №5 ТБР-5000 м3, №6 ТБР-5000 м3 және әрқайсысы үшін бөлек ұсынуы тиіс. көзделген біртекті жөндеу аймағының. Есептеу бастапқы деректері бойынша дәл ұсынылған композиттік жүйе үшін орындалады және түбінің үздіксіз арматурасын, жергілікті аймақтарды, бірінші белдікті қамтуы тиіс, жабық түйін және түбінің бірінші белдікпен түйісуі. Кепілдік хат, келісім-шарт жасалғаннан кейін есеп айырысу міндеттемесі, басқа объектінің типтік есеп айырысуы немесе материалдардың басқа конфигурациясы қабылданбайды. Жобалық-сметалық құжаттамаға қолданылатын әдістеме бойынша құзыретті және ұсынылған жүйені жобалауға құжатталған өкілеттігі бар инженер қол қояды. Өтінімнің бөлігі ретінде білімі немесе кәсіби инженерлік біліктілігі, тиісті есептеулердің тәжірибесі және жүйені өндірушімен немесе ол уәкілеттік берген инженерлік ұйыммен автордың өкілеттігін тәуелсіз растауға мүмкіндік беретін құжат туралы мәліметтер ұсынылады; 16) инженерлік есептеулер мен жобалық шешімдердің мазмұны міндетті бастапқы мәліметтерге, ал материалдардың қабылданған қасиеттері өтінімнің техникалық пакетіне және қарастырылған емдеу режиміне сәйкес келуі керек. Есеп ұсынылған бастапқы деректерге, қабылданған қасиеттерге, есептелген тәуелділіктерге және анықтаушы тексерулердің нәтижелеріне сәйкес қайта жасалуы керек. Қабаттардың қабылданған саны мен композиттік арматураның қалыңдығы тендерлік өтінімде ұсынылған инженерлік есептеулермен негізделуі керек, әр біртекті жөндеу алаңы үшін бөлек және жобалық жоспармен және материалдарға қажеттілік туралы есеппен келісілуі керек. Материалдарға қажеттілік туралы есеп инженерлік есептеулер, жобалық орналасу және өндірушінің тұтыну нормалары негізінде арматуралық материалдың, байланыстырғыштың, жөндеу толтырғышының және қорғаныс жабынының нақты белгілері мен мөлшерін көрсете отырып, әрбір резервуар мен біртекті жөндеу аймағы үшін жеке құрастырылады. ескере отырыпқабаттасулар және технологиялық ысыраптар; 17) Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінім құрамында орындалған композиттік жөндеудің, қолданылған материалдар мен қорғаныс жабынының сапасына кемінде 120 ай мерзімге кепілдік беру туралы қол қойылған кепілдік хатын ұсынады. Әрбір резервуар бойынша кепілдік мерзімі оң сараптамалық қорытынды мен қабылдау гидравликалық сынағының оң нәтижелерін алғаннан кейін жұмыстарды түпкілікті қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап бөлек есептеледі. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер әрбір резервуар бойынша жеке кепілдік сертификатын береді. Кепілдік материалдар мен Мердігер орындаған барлық операциялардың сапасына, композиттік күшейтудің тұтастығының, көтергіштік қызметі мен адгезиясының сақталуына, жөнделген өтпелі ақаулардың герметикалылығына, қабаттардың ажырауының, қабыршақтанудың, ісіну мен жарылып кетудің болмауына, сондай-ақ қорғаныс жабынының тұтастығының сақталуына қолданылуы тиіс. Кепілдік ақаулар Тапсырыс берушінің хабарламасы жіберілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тексеріледі және Мердігер оны өз есебінен жояды. Кепілдік мерзімінің ағымы кепілдік ақауы салдарынан пайдалану мүмкін болмаған кезеңге тоқтатыла тұрады. Сараптамалық қорытынды мен материалдарды өндірушінің кепілдігі Мердігердің кепілдік міндеттемелерін алмастырмайды және шектемейді.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Шарттың 4.2-тармағының 4.2.4-тармақшасы тендерлік құжаттамада тиісті талаптар болған жағдайда қолданылады;

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.8. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.6. Кемшіліктер болған кезде Шарттың 4.3-тармағының 4.3.2-тармақшасында көрсетілген мерзімдерде орындалған жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберу. Орындалған жұмыстарда кемшіліктер болған кезде мердігерге кемшіліктерді жою мерзімін көрсете отырып, олардың тізбесін жіберіңіз.

4.3.7. Жүйеде қалыптастырылған орындалған жұмыстар актісіне ілеспе хатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға Zakup.sk.kz.

4.3.8. Тапсырыс беруші ауыстырылған бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді, тораптарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдауға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Шартта көзделген кепілдік мерзімінде кемшіліктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға құқылы.

4.4.8. Егер Мердігер Шарт талаптарын елеулі түрде бұзса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толығымен немесе ішінара бас тарта алады.

4.5. Шарттың қосымша талаптары, тараптардың құқықтары мен міндеттері Техникалық ерекшелікпен белгіленуі мүмкін (Шартқа №2

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қосымша).

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Жұмыстарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 0 (0) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Мердігер 0 (0) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 0 (0) ішінде хабарламаны алған сәттен бастап Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе ұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 0 (_____) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Мердігер Жұмыс сапасының Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін кепілдік береді. Мердігер тапсырыс беруші Объектіні қалыпты пайдаланған кезде осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда конструкциямен, материалдармен немесе жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап белгіленген 120 (жүз жиырма) ай ішіндегі Жұмыстардың сапасына кепілдік береді

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақулықтар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы ақаулықтарды жоюдың Кепілдік мерзімі осы ақауларды жою сәтінен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақаулықтарды жою бойынша кешіктіру Мердігердің кінәсінен орын алатын болса, онда кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Мердігер Тапсырыс берушіге мердігер дайындаған РП негізінде жұмыстардың орындалуына кедергі жасау немесе шектеу құқығының болмауына кепілдік береді.

6.6. Кемшіліктерді белгілейтін актіні жасауға, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісуге қатысу үшін Тапсырыс беруші анықталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей мердігерге өз өкілін жіберу ұсынысымен жазбаша хабарлама жіберуге міндетті. Мердігердің өкілі Тапсырыс берушінің хабарламасын алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей келуге міндетті (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе). Бұл жағдайда кепілдік мерзімі сәйкесінше кемшіліктерді жою кезеңіне ұзартылады

6.7. Мердігердің өкілі хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген не мердігер оларды растау үшін кемшіліктерді белгілейтін актіні жасаудан немесе оған қол қоюдан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші бір жақты актіні жасайды.

6.8. Кемшіліктерді белгілейтін актіде көзделген мерзімдерге сәйкес кемшіліктерді уақтылы жоймаған кезде, ал мердігердің өкілі біржақты актімен келмеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% - на баламалы, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын соманы тұрақсыздық айыбы ретінде төлейді.

6.9. Мердігер өз есебінен және тәуекелімен мыналарға кепілдік береді:

6.9.1. пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына. Олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық төлқұжаттармен және сапасын растайтын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне;

6.9.2. жұмыстарды орындау сапасының жобалық құжаттамаға және қолданыстағы нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне;

6.9.3. орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде және оларға кепілдік берілген пайдалану кезеңінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды уақытылы жоюға.

6.10. Мердігер Тапсырыс берушіні жұмыстар нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу туралы талап арыздар мен наразылықтардан қорғайды.

6.11. Мердігердің Шарт талаптарын елеулі түрде бұзуы мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: - жұмыстарды жүргізу кестесінің бұзылуы; - жұмыстардың 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімге тоқтатылуы, әрі мұндай тоқтатуға Тапсырыс беруші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

рұқсат бермеген болса; - Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен ақаулар мен кемшіліктерді жоймауы; - Шартта көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларының, нұсқаулықтар мен ережелердің сақталмауы; - қосалқы мердігерді (-лерді) тарту шарттарының бұзылуы.

6.12. Барлық қажетті жабдықтар мен материалдарды қолдануға, «Жетібай» МАС №5, №6 ТБР-5000 м3 түбі мен 1-ші белдеуін ағымдағы жөндеу (композиттік полимерлік жабындармен жабу) жұмыстарын жүргізу кезінде жасалған барлық әрекеттер үшін жауапты болуға.

6.13. Материалдар пайдалану мен орындалған жөндеу кепілдік мерзімі орындалған жөндеу актісіне (көрсетілген қызметтерге) қол қойылған күннен бастап 120 (бір жүз жиырма) айды құрайды.

6.14. Пайдаланылатын материалдардың тиісті сапасына, олардың мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне, олардың сапасын растайтын тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және басқа да құжаттармен растауға кепілдік беру.

7. Лицензиялар (сертификаттар)

7.1. Мердігер жұмыстарды орындау үшін қажетті қызмет түрлеріне, материалдарға, жабдыққа, жинақтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігер:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

8.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

